

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 353-355

ЖҮЗГІН ШИКІЗАТЫ ТҮНБАСЫНЫҢ УЛЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУ

Абдыкаримова Ш.

Дәрілік шөптермен емдеу адамзаттың назарын бұрынғы заманнан-ақ өзіне аударған. Өсімдіктердің терапиялық байлығы халық және ғылыми медициналық, ветеринариялық және биотехнологиялық салаларда кең қолданысқа енген [1].

Өсімдік шикізатынан жасалған дәрілік заттар жаңа заманның рационалды терапиясының негізі бола алады. Фитопрепараттардың мүмкіншіліктері жоғары. Шөп дәрілерді кең қолданысқа енгізу ветеринария, биотехнология тәжірибесінде емдік және ауруды алдын алу нысаны, жануарлардың санын сақтап қалуда [2]. Көптеген әлем елдерінде, соның ішінде АҚШ-та, Ұлыбританияда өсімдік текті препараттар рецептсіз босатылды және олардың өндірісі мен айналымы мемлекеттік бақылауға алынбайды. Сондай-ақ, бұл дәрілік өсімдіктердегі биологиялық белсенді заттар құрамына қоршаған ортаның: ауа температурасы, ылғал, топырақтың химиялық құрамы, механикалық қоспалар, өсімдіктер аурулары, паразиттер және т.б. сияқты факторлардың әсер етуімен де байланысты [3].

Ақ қабық жүзгін - *Calligonum leucocladum* тарандар тұқымдасына (*Polygonaceae Lindl.*) жататын тармақталған бұталар.

Жүзгін Қазақстанда Эмбі, Торғай, Зайсан, Арал маңы, Бетпақдала, Мойынқұм, Қызылқұм құмдарында, Балқаш көлі, Алакөл аудандарында кездеседі. Шет елдерде Ресейдің оңтүстік-батыс еуропалық бөлігінде, Кавказда, Батыс Сібірде, Орталық Азияда өседі.

Биіктігі 220 см дейін барады. Жапырағы өте ұсақ, ұзынша ине тәрізді. Гүлі қос жынысты, ақ не қызғылт түсті, хош иісті. Жемісі - қатты қабықты ұсақ жаңғақша. Жүзгіннің негізгі тамырының ұзындығы 1,5-2 м, ал көлбей өскен тамырының ұзындығы 12-20 м. Жүзгін тұқымынан, атпа тамырларынан өсе береді. Топырақ талғамайды, қуаңшылыққа төзімді, құмда, тасты жерде де өседі. Республикамызда жүзгіннің 80-ге жуық түрі бар. Ал, Қазақстанның Оңтүстік аумағында 30-ға жуық түрі кездеседі. Ол құм тоқтатады. Иір жемісті, тор жүзгін, қызыл жүзгін түрлерінің биологиялық қасиеттері ұқсас болып келеді [4].

Дәрілік шикізат ретінде бір жылдық жүзгіннің бұтақтары мен жемісі жаз кезінде жиналып, кептіріледі.

Малдың азыққа тәбетін жақсартады, қой, түйе малдары сүйсініп жейді, тез қонданады. Оны жемге араластырып беруге болады.

Өсіп-даму кезеңі наурыздың басында басталады, гүлдеуі сәуірдің ортасы мен соңында жүреді. Маусымның бірінші жартысында тұқымы піседі.

Өсіп-даму кезеңінің ұзақтығы 95-110 күнді құрайды. Егістікте 30 жылдан аса тіршілік етеді. Негізгі азық болып саналатын майда сабақшалары маусым айында өсуін тоқтатады да, содан кейін қурайды. Жауын-шашынды жылдары кара күзге дейін сақталады (сурет 1).

Сурет 1 – Жүзгіннің табиғаттағы көрінісі

Алынған дәрілік өсімдік шикізатын баяу кептіргеннен кейін, фармакагностикалық талдау, яғни макрокопиялық және микрокопиялық талдау жасалынды. Макрокопиялық талдау кезінде алынған өсімдік дәрілік шикізатын морфологиялық қасиетін, дәлме-дәлдігін анықтадық. Сыртқы түрін, түсін, өлшемін сонымен қатар иісін және дәмін зерттедік (2 сурет).

Сурет 2 – Жүзгіннің кептірілген шикізат тамыры мен тамыр сабағы

Өзіндік зерттеу нәтижелері. Ақ қабық жүзгіннен жасалған тұнбаның жіті және созылмалы уыттылығы зерттелді. Жүзгінді Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданынан қазан айында жинап әкелінді. Өсімдіктің тамырымен тамыр сабағын бөліп алып, баяу әдіспен кептірдік. Кептірілген өсімдік шикізатын үгітіп, ұнтағынан екі түрлі концентрацияда, мацерация әдісімен, тұнба жасалынды. Тәжірибелік зерттеуге жүзгіннен 10 және 30%-дық тұнбалары пайдаланды. Жіті уыттылығын зерттеу үшін 12 зертханалық ақ тышқан алынды. Алынған тышқандарды 6 тышқаннан 2 топқа бөліп, салмақтары өлшеніп алынды. Салмағы бойынша ұқсас тышқандар топталды (m=18-19 г). Бірінші сынама тобына 10%-дық, ал екінші сынама тобына 30%-дық жүзгін тұнбасы арасы 6 сағаттан, екі рет, ауыз арқылы 0,2 мл мөлшерде енгізілді (кесте 1).

Кесте 1- Жүзгін тұнбасының жіті уыттылығын зерттеу нәтижелері

Жануарлар тобы	Жүзгін тұнбасының концентрациясы	Per os дозасы	Уыттылықтың даму жылдамдығы	
			6 сағаттан кейін қайта енгізу	12 сағаттан кейінгі енгізу
1-сынама топ (n=6)	10%	1 мл	Өзгеріс жоқ	Өзгеріс жоқ
2-сынама топ (n=6)	30%	1 мл	Өзгеріс жоқ	Өзгеріс жоқ

Зерттеу нәтижесінде тышқандардың ешқайсысы өлген жоқ, салмақтарында айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

Жүзгіннің созылмалы уыттылығын зерттеу үшін де дәл осы үрдісті 14 тәулік бойы 1 мл-ден күніне 1 рет беріліп қайталанды. Зерттеу барысында тышқандардың клиникалық жағдайы байқалды. Сонымен қатар, жалпы жағдайына, қозғалу белсенділігіне қарап, демалу жиілігін мен тамыр соғысы

мен клиникалық белгілердің (құсу, дірілдеу, дәреті) байқалуын қадағалап отырдық. Аталмыш көрсеткіштер физиологиялық дәреже арасында болды. Зерттелген өсімдіктердің тұнбасы 10 және 30% концентрацияда улы қасиеттерін білдірген жоқ (кесте 1) .

Кесте 2- Жүзгін тұнбасының созылмалы уыттылығын зерттеу

Жануарлар тобы	Жүзгін тұнбасының концентрациясы	Per os дозасы	Жануарлардың өлу уақыты		
			3 тәуліктен сон	7 тәуліктен сон	14 тәуліктен сон
1-сынама топ(n=6)	10%	0,2 мл	-	-	-
2-сынама топ(n=6)	30%	0,2 мл	-	-	-

Зерттеу барысында тәжірибелік жануарлардың тірі салмағы қадағаланып отырылды.

Жүзгін тұнбалары тышқандар биомассасына жақсы білінген әсерін тигізді. Егер, жүзгіннің 10%-дық тұнбасы, 0,2 мл мөлшерде, екі аптадан кейін ақ тышқандардың тірі салмағын 16,7%-ға жоғарылатса, оның 30%-дық тұнбасы сондай-ақ мөлшерде 23,2%-ға биомассаны көтерді, сонда, бақылау тобының тышқандарының тірі массасы екі аптада 11,4 %-ға көбейді.

Қорытынды

Жүзгіннің 10 және 30% концентрациясы бар тұнбасы жіті және созылмалы уыттылығын білдірген жоқ.

Жүзгіннің 30%-дық тұнбасы тышқандардың биомассасына жақсы білінген үдететін әсерін тигізді.

Әдебиеттер тізімі

1. Хамзина Г.С., Алижанов М.М., Сулейменов Е.М., Рахмадиева С.Б. Фитохимическое исследование *Calligonum tetrapterum*//Шоқан тағылымы -13 ғылыми конф. материалдары. Көкшетау, 2008. 70-73 б.

2. Келимханова С.Е., Сатаева Л.Г., Баелова А.Е., Буранбаева К.Д. Дәрілік өсімдік шикізаты мен фитопрепараттар сапасына қойылатын фармакопепялық талаптарға шолу//Ж. Вестник КазНМУ им.С.Ж.Аспендиярова. 2012. с.47-49

3. Deigheidy, N.S.; Sharaf, E.M.; Fathi, S, M. Field evaluation of anthelmintic efficacy of *Calligonum comosum* against fasciolosis in sheep at Taif, KSA. //Global Veterinaria, 2013,11,4, pp 377-384

4. Қ.Н. Қожанов, С.К. Кожанова. Фитотерапия. Алматы, 2010.

*Ғылыми жетекші: ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент
Есжанова Г.Т.*